

"Мемлекеттік мұлік тізіліміне деректерді беру нысанын, көлемін және кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 267 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 16 қантардағы № 23 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 қантарда № 19908 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік мұлік тізіліміне деректерді беру нысанын, көлемін және кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 267 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11054 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 200-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**"

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік занды тұлғаларға бекітілген мұлік объектілері бойынша мемлекеттік мұлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жер пайдаланудағы жер участкерлері бойынша мемлекеттік мұлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері бойынша мемлекеттік мұлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес мемлекетке тиесілі ұлттық мәдени игілік объектілері бойынша мемлекеттік мұлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілері бойынша мемлекеттік мұлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік заңды тұлғалар бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген шағын көлемді және өзен кемелері бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген көлік құралдары бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген ауыл шаруашылығы көлік құралдары бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес мемлекеттік заңды тұлғалар мен ұйымдарға берілген лицензиялар және рұқсаттар бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген табиғи ресурстар кадастрларының объектілері бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның заңды тұлғалар тізіміне сәйкес заңды тұлғалардың банкроттығы туралы істер қозғау туралы шешімдер (шешімдердің көшірмесі) бойынша және жекелеген негіздер бойынша мүлікті мемлекет кірісіне айналдыруды көздейтін соттардың заңды құшіне енген шешімдері (үкімдері, қаулылары) туралы мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру кезеңділігі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 10, 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес 10, 11, 12 және 13-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (Б.К. Тәшенов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің
Бірінші Орынбасары - Қаржы министрі

A. Смаилов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Жоғарғы Соты жанындағы

Соттардың қызметін қамтамасыз ету

департаменті

(Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының аппараты)

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Индустрія және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология, геология және

табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары –
 Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2020 жылғы 16 қантардағы
 № 23 бұйрығына
 1-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2015 жылғы 10 сәуірдегі
 № 267 бұйрығына
 1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Әкімшілік деректер нысаны
www.minfin.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мұлік объектілері бойынша мемлекеттік мұлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер Есепті кезең 20
жылғы

Индекс: 1-МО

Кезеңділігі: сұрау салу бойынша

Ақпаратты ұсынатын адамдар аясы: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті

Ұсыну мерзімі: сұрау салу келіп түскеннен кейін 1 жұмыс күні ішінде

Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мұлік объектілері бойынша мәліметтерді көрсетіңіз

Салалық акпараттық жүйеде тіркеletіn іс-кимыл (жедел басқару құқығын тоқтату, жедел басқару құқығының ол жүргізіletіn күн	Тізілімде тіркеletіn іс-кимыл (тізілімнің есепке алу объектісін енгізу, өзектілендіру, туындау) және алып тастау)	(Құқық иесінің бизнес сәйкестендіру нөмірі	Құқық иесінің толық атауы	Тұрғын / тұрғын емес көр белгісі	Пайдалануға енгізілген жылы	Жылжымайтын мұлік объектісінің кадастрық нөмірі	Ж е р учаскесінің кадастрық нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Ж е р учаскесінің алаңы (шаршы гектар)	Құрылыш алаңы (шаршы метр)	(Жылжымайтын мұліктің түрі	(Қабаттылығы (қабат саны)	Пайдалы алан (шаршы метр)	(Ауыртпалықтың болуы туралы мәліметтер (кепіл, сенімгерлік басқару)	Шектеулердің болуы туралы мәліметтер (тыым салу)
---	-----------------------------	-----------------------------	----------------------------	----------------------------	--	--

Экімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мұлік объектілері бойынша мемлекеттік мұлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер" (Индекс: 1-МО, кезеңділігі сұрау салу бойынша)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Электрондық үкімет шлюзі (бұдан әрі – ЭУШ) арқылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетінің "Мемлекеттік мұлік тізілімі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МемТізілім) мен "Жылжымайтын мұлік тіркелімі" мемлекеттік деректер базасы (бұдан әрі – ЖМТ МДБ) ақпараттық жүйесі арасындағы ақпараттық алмасу сервераралық (республикалық) деңгейде жүзеге асырылады.

2. Ақпараттық алмасу тіркеу күелігі бар ақпараттық жүйе иесінің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдаланумен "сұрау салу-жауап" режимдерінде электрондық хабарламалар арқылы жүзеге асырылады.

3. МемТізілім (бастама танытушы) ЭУШ веб-сервисіне сұрау салуды жолдайды, оны ЖМТ МДБ-ға өндеу үшін жолдайды. Сұрау салу өндөлгеннен кейін ЖМТ МДБ ЭУШ-ға хабарлама жолдайды, оны алғаннан кейін жауапты МемТізілім веб-сервисіне жолдайды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанда салалық ақпараттық жүйеде тіркелетін ID көрсетіледі.
5. 2-бағанда МемТізілімде тіркелетін ID көрсетіледі.
6. 3-бағанда құқық иесінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
7. 4-бағанда құқық иесінің толық атауы көрсетіледі.
8. 5-бағанда тұрғын/ тұрғын емес қор белгісі көрсетіледі.
9. 6-бағанда пайдалануға енгізілген жылы көрсетіледі.
10. 7-бағанда жылжымайтын мұліктің кадастрылық нөмірі көрсетіледі.
11. 8-бағанда жер участкесінің кадастрылық нөмірі көрсетіледі.
12. 9-бағанда жер участкесінің алаңы гектарда көрсетіледі.
13. 10-бағанда құрылым алаңы шаршы метрде көрсетіледі.
14. 11-бағанда жылжымайтын мұліктің түрі көрсетіледі.
15. 12-бағанда қабаттар саны көрсетіледі.
16. 13-бағанда пайдалы алаң шаршы метрде көрсетіледі.
17. 14-бағанда ауыртпалықтардың болуы туралы мәліметтер (кепіл, сенімгерлік басқару) көрсетіледі.

18. 15-бағанда шектеулердің болуы туралы мәліметтер (тыйым салу) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2020 жылғы 16 қантардағы

№ 23 бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2015 жылғы 10 сәуірдегі

№ 267 бұйрығына

2-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан Әкімшілік деректер нысаны
www.mfin.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған Жер пайдаланудағы
жер участеклері бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны
мен көлемі бойынша мәліметтер Есепті кезең 20__ жылғы ___.**

Индекс: 1-ЖУ

Кезеңділігі: сұрау салу бойынша

Ақпаратты ұсынатын адамдар аясы: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті

Ұсыну мерзімі: сұрау салу келіп түскеннен кейін 1 жұмыс күні ішінде

Жер пайдаланудағы жер участеклері бойынша мәліметтерді көрсетіңіз.

Салалық ақпараттық жүйеде тіркелетін іс-қимыл (жер участеклеріне иелік ету құқығының туындауы/ тоқтатылуы) және ол жүргізілетін күн	Тізілімде тіркелетін іс-қимыл (тізілімнің есепке алу объектісін енгізу, өзектілендіру, алып тастау)	Құқық иесінің бизнес сәйкестендіру нөмірі	Құқық иесінің толық атауы	Құқық түрі	Жер санаты
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы:

Ж е р участексінің нысаналы мақсаты	Ж е р участексінің кадастрық номірі	Ж е р участексінің алдыңғы кадастрық номірі	Ж е р участексінің орналасқан жері/ мекенжайы (облыс, аудан, көше, үй нөмірі)/ мекенжайдың тіркеу коды	Ж е р участексінің алаңы (шаршы метр немесе гектар)	Ж е р участексінің бағалау күны (мын тенге)	Шектеулердің болуы туралы мәліметтер (тыйым салу)
7	8	9	10	11	12	13

**Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме
"Жер пайдаланудағы жер участеклері бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне**

деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер" (Индекс: 1-ЖУ, кезеңділігі сұрау салу бойынша)

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Электрондық үкімет шлюзі (бұдан әрі – ЭУШ) арқылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің "Мемлекеттік мүлік тізілімі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МемТізілім) мен мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МЖК ААЖ) арасындағы ақпараттық алмасу сервераралық (республикалық) деңгейде жүзеге асырылады.

2. Ақпараттық алмасу тіркеу куәлігі бар жүйе иесінің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдаланумен "сұрау салу-жауап" режимдерінде электрондық хабарламалар арқылы жүзеге асырылады.

3. МемТізілім (бастама танытушы) ЭУШ веб-сервисіне сұрау салуды жолдайды, оны өндіреу үшін МЖК ААЖ-ға жолдайды. Сұрау салу өндөлгеннен кейін МЖК ААЖ ЭУШ-ға хабарлама жолдайды, оны алғаннан кейін жауапты МемТізілім веб-сервисіне жолдайды.

2-тaraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанда салалық ақпараттық жүйеде тіркелетін ID көрсетіледі.
5. 2-бағанда МемТізілімде тіркелетін ID көрсетіледі.
6. 3-бағанда құқық иесінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
7. 4-бағанда құқық иесінің толық атауы көрсетіледі.
8. 5-бағанда құқық түрі (тұрақты немесе уақытша) көрсетіледі.
9. 6-бағанда жерлер санаты көрсетіледі.
10. 7-бағанда жер участкесінің нысаналы мақсаты көрсетіледі.
11. 8-бағанда жер участкесінің кадастрылық нөмірі көрсетіледі.
12. 9-бағанда жер участкесінің алдыңғы кадастрылық нөмірі көрсетіледі.
13. 10-бағанда жер участкесінің орналасқан жері, мекенжайы (облыс, аудан, көше, үй нөмірі), мекенжайдың тіркеу коды көрсетіледі.
14. 11-бағанда жер участкесінің алаңы шаршы метрде немесе гектарда көрсетіледі.
15. 12-бағанда жер участкесінің бағалау құны мың теңгеде көрсетіледі.
16. 13-бағанда шектеулердің болуы туралы мәліметтер (тыым салу) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 16 қантардағы

№ 23 бұйрығына

3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2015 жылғы 10 сәуірдегі

№ 267 бұйрығына

3-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Әкімшілік деректер нысаны
www.mminfin.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған Мемлекетке тиесілі
акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі
серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері бойынша
мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша
мәліметтер Есепті кезең 20__ жылғы ____**

Индекс: 1-АҚАМҚҮ

Кезеңділігі: сұрау салу бойынша

Ақпаратты ұсынатын адамдар аясы: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті

Ұсыну мерзімі: сұрау салу келіп түскеннен кейін 1 жұмыс күні ішінде

Мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі
шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері бойынша
мәліметті көрсетіңіз.

Салалық акпараттық жүйеде тіркелетін іс-қимыл (бастапқы орналастыру, есептең шыгару, толық орналастыру , басқаруға беру және тағы басқа) және ол жүргізілетін күн	Тізілімде тіркелетін іс-қимыл (тізілімнің есепке алу объектісін енгізу, өзектілендіру, алып тастау)	Құқық иесінің бизнес сәйкестендіру нөмірі	Акционерлік қоғам (Жауапкершілігі шектеулі серіктестік) атауы	Жарғылық капиталы (мый тенге)	Акциялар саны, дана (Акционерлік қоғамдар үшін)	Мемлекет төлеген акциялардың мемлекеттік пакетінің баланстық құны (мемлекеттің қатысу үлесі) (тенге)
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы:

Акциялардың үлттық сәйкестендіру нөмірі (шектеулі	Акционерлік қоғамдағы акциялардың мемлекеттік пакетінің/ жауапкершілігі	Тіркеуші (Акционерлік	Ауыртпалықың болуы туралы (мәліметтер кепіл,	Акциялардың саны / ауыртпалықтағы мемлекет	Шектеулердің болуы туралы	Акциялардың саны/ тыйым салудағы мемлекет
---	--	------------------------------	---	---	------------------------------	--

Акционерлік қоғамдар үшін)	серіктестігіндегі қоғамдар қатысадын үшін) мемлекеттік үлесінің мөлшері (%)		сенімгерлік басқару)	үлесінің құны/ дана/теңге	мәліметтер (тыйым салу)	(үлесінің құны /дана/ теңге
8	9	10	11	12	13	14

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер" (Индекс: 1-АҚАМҚҮ, кезеңділігі сұрау салу бойынша)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, заңды тұлғалар тізілімінде деректер базасы (бұдан әрі – Тізілім ДБ) мен Мемлекеттік активтер жиынтық тізілімінде деректер базасы (бұдан әрі – МемТізілім ДБ) арасындағы ақпараттық алмасу сервераралық (жергілікті) деңгейде жүзеге асырылады.
2. Ақпараттық алмасу Тізілім ДБ-дан МемТізілім ДБ-ға деректерді беру арқылы автоматты өзектілендіру режимінде жүзеге асырылады.
3. Тізілім ДБ-да объектінің деректері өзгерген кезде Тізілім ДБ осы объекті бойынша деректерді автоматты түрде МемТізілім ДБ мекенжайына жолдайды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанда салалық ақпараттық жүйеде тіркелетін ID көрсетіледі.
5. 2-бағанда ТізілімДБ-да тіркелетін ID көрсетіледі.
6. 3-бағанда құқық иесінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
7. 4-бағанда құқық иесінің толық атауы көрсетіледі.
8. 5-бағанда жарғылық капиталы мың теңгеде көрсетіледі.
9. 6-бағанда акционерлік қоғамдар үшін акциялар саны данада көрсетіледі.
10. 7-бағанда мемлекет төлеген акциялардың мемлекеттік пакетінің баланстық құны (мемлекеттің қатысу үлесі теңгеде көрсетіледі).
11. 8-бағанда акционерлік қоғамдар үшін тіркеуші көрсетіледі.
12. 9-бағанда ауыртпалықтың болуы туралы мәліметтер (кепіл, сенімгерлік басқару) көрсетіледі.
13. 10-бағанда акциялар саны, ауыртпалықтағы мемлекет үлесінің құны, дана/теңге көрсетіледі.
14. 11-бағанда шектеулердің болуы туралы мәліметтер (тыйым салу) көрсетіледі.

15. 12-бағанда акциялар саны/ тыйым салудағы мемлекет үлесінің құны, дана/тәнге көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 16 қантардағы
№ 23 бұйрығына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 10 сәуірдегі
№ 267 бұйрығына
4-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Әкімшілік деректер нысаны
www.minfin.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған Мемлекетке тиесілі үлттық мәдени игілік объектілері бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер Есепті кезең 20 жылғы**

Индекс: 1-МҚО

Кезеңділігі: сұрау салу бойынша

Ақпаратты ұсынатын адамдар аясы: Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті

Ұсыну мерзімі: сұрау салу келіп түскеннен кейін 1 жұмыс күні ішінде

Мемлекетке тиесілі үлттық мәдени игілік объектілері бойынша мәліметтерді көрсетіңіз.

Салалық акпараттық жүйеде тіркелетін іс-қимыл (тіркелетін іс-қимыл (есепке алу есепке қою, объектісін алғып тастау енгізу,) және ол жүргізілетін , алғып тастау күн)	Тізілімде тіркелетін іс-қимыл тізілімнің (есепке алу объектісін алғып тастау енгізу,) және ол жүргізілетін , алғып тастау күн)	Күккүйек иесінің бизнес сәйкестендіру номірі	Күккүйек иесінің толық атауы	Тізілімдік номірі	Үлттық мәдени игілік объектісінің атауы	Орналасқан жері	Жалпы сипаттамасы (сандық, сапалық)	Есепке қойылған (есептен алынған) күні	Есепке қоюға (есептен алыға) негіздеме
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Мемлекетке тиесілі үлттық мәдени игілік объектілері бойынша мемлекеттік

"мұлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер" (
Индекс: 1-МҚО, кезеңділігі: сұрау салу бойынша)

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі "Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімі" бөліміне қолжетімділікті ұсыну арқылы "Мемлекеттік мұлік тізілімі" АЖ-ға мемлекетке тиесілі ұлттық мәдени игілік объектілері бойынша деректерді дербес енгізеді.

2-тaraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірme

1. 1-бағанда салалық ақпараттық жүйеде тіркелетін ID көрсетіледі.
2. 2-бағанда МемТізілімде тіркелетін ID көрсетіледі.
3. 3-бағанда құқық иесінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
4. 4-бағанда құқық иесінің толық атауы көрсетіледі.
5. 5-бағанда ұлттық мәдени игілік объектілері бойынша тізілімде тіркелген тізілімдік нөмірі көрсетіледі.
6. 6-бағанда ұлттық мәдени игілік объектісінің атауы көрсетіледі.
7. 7-бағанда ұлттық мәдени игілік объектісінің орналасқан жері көрсетіледі.
8. 8-бағанда ұлттық мәдени игіліктің сипаттамасы көрсетіледі.
9. 9-бағанда есепке қойылған (есептен алынған) күні көрсетіледі.
10. 10-бағанда есепке қоюға (есептен алуға) негіздеме көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2020 жылғы 16 қантардағы

№ 23 бұйрығына

5-қосымша

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2015 жылғы 10 сәуірдегі

№ 267 бұйрығына

5-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Әкімшілік деректер нысаны
www.mminfin.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған Мемлекетке тиесілі
зияткерлік мемлекеттік объектілері бойынша мемлекеттік мұлік тізіліміне
деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер Есепті кезең 20_____
жылғы _____**

Индекс: 1-3М

Кезеңділігі: салу бойынша

Ақпаратты ұсынатын адамдар аясы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті

Ұсыну мерзімі: сұрау салу келіп түскеннен кейін 1 жұмыс күні ішінде

Мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілері бойынша мәліметтерді көрсетіңіз

Кұқық иесінің бизнес сәйкестендірудегі нөмірі	Кұқық иесінің толық атауы	Корғау құжатының түрі	Корғау құжатының номірі және берілген күні	Корғау құжатының қолданылуы аяқталатын күні	Атауы (авторлық құқық, өнертабыстық, пайдалы модель, селекциялық жетістік, тауар белгісінің, өнеркәсіп үлгісінің объектілері)	Жалпы сипаттамасы	Корғалатын өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіп үлгілерінің Мемлекеттік тізілімдерде тіркелген күні	Есептен шығару негіздемесі (қолданылу мерзіміндең аяқталуы, мерзімінен бұрын тоқтатылуы)
3	4	5	6	7	8	9	10	11

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілері бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер" (

Индекс: 1-3М, кезеңділігі: сұрау салу бойынша)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің "Мемлекеттік мүлік тізілімі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МемТізілім) мен "Ұлттық зияткерлік меншік институты" (бұдан әрі – ҰЗМИ) автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арасындағы ақпараттық алмасу сервераралық (республикалық) деңгейде жүзеге асырылады.

2. Ақпараттық алмасу тіркеу куәлігі бар жүйе иесінің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдаланумен "сұрау салу-жауап" режимдерінде электрондық хабарламалар арқылы жүзеге асырылады.

3. МемТізілім (бастама танытушы) сұрау салуды өндеу үшін ҰЗМИ-ға жолдайды. Сұрау салу өндөлгеннен кейін ҰЗМИ жауапты МемТізілім веб-сервисіне жолдайды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанда құқық иесінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
5. 2-бағанда құқық иесінің толық атауы көрсетіледі.
6. 3-бағанда қорғау құжатының түрі көрсетіледі.
7. 4-бағанда қорғау құжатының нөмірі және берілген күні көрсетіледі.
8. 5-бағанда қорғау құжатының қолданылуы аяқталатын күні көрсетіледі.
9. 6-бағанда атауы (авторлық құқық, өнертабыстық, пайдалы модель, селекциялық жетістік, тауар белгісінің, өнеркәсіп үлгісінің объектілері) көрсетіледі.
10. 7-бағанда зияткерлік меншік объектісінің жалпы сипаттамасы көрсетіледі.
11. 8-бағанда қорғалатын өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіп үлгілерінің Мемлекеттік тізілімдерде тіркелген күні көрсетіледі.
12. 9-бағанда есептен шығару негіздемесі (қолданылу мерзімінің аяқталуы, мерзімінен бұрын тоқтатылуы) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 16 қаңтардағы
№ 23 бұйрығына
6-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 10 сәуірдегі
№ 267 бұйрығына
6-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Әкімшілік деректер нысаны
www.mminf.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған Мемлекеттік заңды тұлғалар бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер Есепті кезең 20 жылғы _____**

Индекс: 1-МЗТ

Кезеңділігі: сұрау салу бойынша/өзектілендіру

Ақпаратты ұсынатын адамдар аясы: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті

Ұсыну мерзімі: сұрау салу келіп түскеннен кейін 1 жұмыс күні ішінде

Мемлекеттік заңды тұлғалар тізбесін көрсетініз.

Салалық акпараттық							
-----------------------	--	--	--	--	--	--	--

жүйеде тіркелетін іс-қымыл (тіркеу, қайта тіркеу, қайта ұйымдастыру , тарату) және ол жургізілетін күн	Тізілімде тіркелетін іс-қымыл (тізілімнің есепке алу объектісін енгізу, өзектілендіру , алып тастау)	Мемлекеттік занды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі	Мемлекеттік занды тұлғаның атауы орыс және қазақ тілдерінде	Күрылтайшының бизнес атауы орыс сәйкестендіру және қазақ нөмірі	Күрылтайшының атауы орыс және қазақ тілдерінде	Мемлекеттік тіркелген күні	Соңғы кайта тіркелген күні	Орнај жері инде облы аудан меке көшө үй-ж нөмір
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы:

Сала (қызметтің негізгі түрі)	Ұйымдық-құқықтық нысан коды	Басшының тегі, аты, әкесінің аты	Басшының жеке сәйкестендіру нөмірі
10	11	12	13

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Мемлекеттік занды тұлғалар бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер" (Индекс: 1-МЗТ, кезеңділігі: сұрау салу бойынша/өзектілендіру)

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Электрондық үкімет шлюзі (бұдан әрі – ЭУШ) арқылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің "Мемлекеттік мүлік тізілімі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МемТізілім) мен "Занды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы (бұдан әрі – ЗТ МДБ) арасындағы ақпараттық алмасу "сұрау салу/жауап" және "өзектілендіру" режимдерінде жүргізіледі.

2. МемТізілім (бастама танытуши) "сұрау салу-жауап" режимінде ЭУШ веб-сервисіне сұрау салуды жолдайды, оны өңдеу үшін ЗТ МДБ-ға жолдайды. Сұрау салу өндөлгеннен кейін ЗТ МДБ ЭУШ-ға хабарлама жолдайды, оны алғаннан кейін жауапты МемТізілім веб-сервисіне жолдайды.

3. Өзектілендіру режимі өзекті тіркеу мәліметтері талап етілетін занды тұлғалардың өзгерітілген тіркеу мәліметтерін күн сайын ЗТ МДБ-дан МемТізілімге беру үшін арналған.

2-тaraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанда салалық ақпараттық жүйеде тіркелетін ID көрсетіледі.
5. 2-бағанда МемТізілімде тіркелетін ID көрсетіледі.
6. 3-бағанда мемлекеттік занды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
7. 4-бағанда мемлекеттік занды тұлғаның атауы орыс және қазақ тілдерінде көрсетіледі.

8. 5-бағанда құрылтайшының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
9. 6-бағанда құрылтайшының атауы орыс және қазақ тілдерінде көрсетіледі.
10. 7-бағанда мемлекеттік тіркелген күні көрсетіледі.
11. 8-бағанда соңғы қайта тіркелген күні көрсетіледі.
12. 9-бағанда орналасқан жері (индекс, облыс, аудан, елді мекен, көше, үй-жай нөмірі) көрсетіледі.
13. 10-бағанда сала (қызметтің негізгі түрі) көрсетіледі.
14. 11-бағанда ұйымдық-құқықтық нысан коды көрсетіледі.
15. 12-бағанда басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.
16. 13-бағанда басшының жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 16 қантардағы
№ 23 бұйрығына
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 10 сәуірдегі
№ 267 бұйрығына
7-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Әкімшілік деректер нысаны
www.mminf.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған Мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген шағын көлемді және өзен кемелері бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер Есепті кезең 20__ жылғы __

Индекс: 1-ШКЖӨК

Кезеңділігі: сұрау салу бойынша

Ақпаратты ұсынатын адамдар аясы: Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті

Ұсыну мерзімі: сұрау салу келіп түскеннен кейін 1 жұмыс күні ішінде

Мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген шағын көлемді және өзен кемелері бойынша мәліметтерді көрсетіңіз.

Салалық ақпараттық жүйеде тіркелетін іс-кимыл (жедел басқару құқығын	Тізілімде тіркелетін іс-кимыл тізілімнің	(Мемлекеттік заңды тұлғаның			Кеменің жалпы сипаттамасы
--	---	------------------------------------	--	--	---------------------------------

тоттату, жедел басқару құқығының туындауы) және ол жүргізілетін күн	есепке алу объектісін енгізу, өзектілендіру, алып тастау)	бизнес сәйкестендіру нөмірі	Мемлекеттік занды тұлғаның толық атауы	Мемлекеттік занды тұлғаның мекенжайы	(кеме түрі)	Кеменің нөмірі	(ұзындығы, ені, борттың биіктігі, жұк көтергіштігі)
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Козғалтқыштың маркасы	Козғалтқыштың нөмірі	Козғалтқыштың жасалған жылы мен орны	Кеменің тіркеу нөмірі	Тіркеуден алу күні	Тіркеуден алудың себебі (күжатқа сілтеме жасаумен)	Ауыртпалықтың болуы туралы мәліметтер (кепіл, сенімгерлік басқару)	Шектеулердің болуы туралы мәліметтер (тыйым салу)
9	10	11	12	13	14	15	16

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Мемлекеттік занды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген шағын көлемді және өзен кемелері бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер" (Индекс: 1-ШКЖӘК, кезеңділігі сұрау салу бойынша)

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Электрондық үкімет шлюзі (бұдан әрі – ЭУШ) арқылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің "Мемлекеттік мүлік тізілімі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МемТізілім) мен көліктік деректер базасының және тасымалдау қауіпсіздігі динамикасын мониторингтеудің ақпараттық-талдау жүйесі (бұдан әрі – КДБ АТЖ) арасындағы ақпараттық алмасу сервераралық (республикалық) деңгейде жүзеге асырылады.

2. Ақпараттық алмасу тіркеу куәлігі бар жүйе иесінің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдаланумен "сұрау салу-жауап" режимдерінде электрондық хабарламалар арқылы жүзеге асырылады.

3. МемТізілім (бастама танытушы) сұрау салуды ЭУШ веб-сервисіне жолдайды, оны өндеу үшін КДБ АТЖ-ға жолдайды. Сұрау салу өнделгеннен кейін КДБ АТЖ ЭУШ-ға хабарлама жолдайды, оны алғаннан кейін жауапты МемТізілім веб-сервисіне жолдайды.

2-тaraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанда салалық ақпараттық жүйеде тіркелетін ID көрсетіледі.

5. 2-бағанда МемТізілімде тіркелетін ID көрсетіледі.

6. 3-бағанда мемлекеттік занды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
7. 4-бағанда мемлекеттік занды тұлғаның толық атауы көрсетіледі.
8. 5-бағанда мемлекеттік занды тұлғаның мекенжайы көрсетіледі.
9. 6-бағанда кеме типі, кеме түрі көрсетіледі.
10. 7-бағанда кеменің нөмірі көрсетіледі.
11. 8-бағанда кеменің жалпы сипаттамасы: ұзындығы, ені, борттың биіктігі, жүк көтергіштігі көрсетіледі.
12. 9-бағанда кеме қозғалтқышының маркасы көрсетіледі.
13. 10-бағанда кеме қозғалтқышының нөмірі көрсетіледі.
14. 11-бағанда кеме қозғалтқышының жасалған жылы мен орны көрсетіледі.
15. 12-бағанда кеменің тіркеу нөмірі көрсетіледі.
16. 13-бағанда тіркеуден алу күні көрсетіледі.
17. 14-бағанда құрылтайшының ұйымдық-құқықтық нысанының коды көрсетіледі.
18. 15-бағанда тіркеуден алудың себебі (құжатқа сілтеме жасаумен) көрсетіледі.
19. 16-бағанда шектеулердің (тыйм салу) болуы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 16 қаңтардағы
№ 23 бұйрығына
8-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 10 сәуірдегі
№ 267 бұйрығына
8-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан Әкімшілік деректер нысаны www.mminf.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған Мемлекеттік занды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген көлік құралдары бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер Есепті кезең 20 жылғы _____

Индекс: 1-КҚ

Кезеңділігі: сұрау салу бойынша

Ақпаратты ұсынатын адамдар аясы: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті

Ұсыну мерзімі: сұрау салу келіп түскеннен кейін 1 жұмыс күні ішінде

Мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген көлік құралдары бойынша мәліметтерді көрсетіңіз.

Салалық ақпараттық жүйеде тіркелетін іс-қимыл (жедел басқару құқығын тоқтату, жедел басқару құқығының туындауы) және ол жүргізілетін күн	Тізілімде тіркелетін іс-қимыл (басқару құқығын есепке алу объектісін енгізу, өзектілендіру, алып тастау)	(Мемлекеттік тізілімнің заңды тұлғаның салық төлеушісінің тіркеу номірі)	Мемлекеттік заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру номірі	Мемлекеттік заңды тұлғаның толық атауы	Мемлекеттік номірлік белгісі	Бұрынғы мемлекеттік номірлік белгісі	Маркасы, моделі, модификациясы	Көлік құршығарылғ, сериясы номірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы:

Шанак номірі	Түсі	Санаты (A, A1, B, BE, B1, C, CE, C1, C1E, D , DE, D1, D1E, Tm, Tb)	Қозғалтқыштың қуаттылығы	Қозғалтқыштың көлемі	Көлік құралын сатып алу заңдылығын растайтын күжаттың коды	Көлік құралын сатып алу заңдылығын растайтын күжаттың номірі	Бұрынғы көлік құралының сериясы және номірі	Мемлекеттік заңды тұлғаның орналасқан жері	Ауыртпалықты болуы туралы мәліметтер кепіл, сенімгерлік басқару)
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20

Экімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Мемлекеттік заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тіркелген көлік құралдары бойынша мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі бойынша мәліметтер" (Индекс: 1-КҚ, кезеңділігі сұрау салу бойынша)

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Электрондық үкімет шлюзі (бұдан әрі – ЭУШ) арқылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің "Мемлекеттік мүлік тізілімі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МемТізілім) мен "Сервистік орталық"

автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің "Автомобиль" деректер базасы (бұдан әрі – СО ААЖ) арасындағы ақпараттық алмасу сервераралық (республикалық) деңгейде жүзеге асырылады.

2. Ақпараттық алмасу тіркеу қуәлігі бар жүйе иесінің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдаланумен "сұрау салу-жауап" режимдерінде электрондық хабарламалар арқылы жүзеге асырылады.

3. МемТізілім (бастама танытушы) сұрау салуды ЭУШ веб-сервисіне жолдайды, оны өндөу үшін СО ААЖ-ға жолдайды. Сұрау салу өндөлгеннен кейін СО ААЖ ЭУШ-ға хабарлама жолдайды, оны алғаннан кейін жауапты МемТізілім веб-сервисіне жолдайды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанда салалық ақпараттық жүйеде тіркелетін ID көрсетіледі.
5. 2-бағанда МемТізілімде тіркелетін ID көрсетіледі.
6. 3-бағанда мемлекеттік заңды тұлға салық төлеушісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.
7. 4-бағанда мемлекеттік заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
8. 5-бағанда мемлекеттік заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі.
9. 6-бағанда мемлекеттік нөмірлік белгісі көрсетіледі.
10. 7-бағанда бұрынғы мемлекеттік нөмірлік белгісі көрсетіледі.
11. 8-бағанда маркасы, моделі, модификациясы көрсетіледі.
12. 9-бағанда көлік құралының шығарылған жылы, сериясы және нөмірі көрсетіледі

13. 10-бағанда шасси нөмірі көрсетіледі.
14. 11-бағанда көлік құралы шанағының нөмірі көрсетіледі.
15. 12-бағанда көлік құралының түсі көрсетіледі.
16. 13-бағанда көлік құралының санаты (A, A1, B, BE, B1, C, CE, C1, C1E, D, DE, D1, D1E, Tm, Tb) көрсетіледі.
17. 14-бағанда көлік құралы қозғалтқышының қуаттылығы көрсетіледі.
18. 15-бағанда көлік құралы қозғалтқышының көлемі көрсетілді.
19. 16-бағанда көлік құралын сатып алу заңдылығын растайтын құжаттың коды көрсетіледі.
20. 17-бағанда көлік құралын сатып алу заңдылығын растайтын құжаттың нөмірі көрсетіледі.
21. 18-бағанда бұрынғы көлік құралының сериясы және нөмірі көрсетіледі.
22. 19-бағанда мемлекеттік заңды тұлғаның орналасқан жері көрсетіледі.
23. 20-бағанда ауыртпалықтың болуы туралы мәліметтер (кепіл, сенімгерлік басқару) көрсетіледі.
24. 21-бағанда шектеулердің болуы туралы мәліметтер (тыйым салу) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 16 қаңтардағы
№ 23 бұйрығына
9-косымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 10 сәуірдегі
№ 267 бұйрығына
9-косымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Әкімшілік деректер нысаны
